

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің 2011 жылғы 28
қарашадағы № 631 Бұйрығы.
Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінде 2011 жылы 5
желтоқсанда № 7324 тіркелді.
Күші жойылды - Қазақстан
Республикасы Ішкі істер
министрінің 2015 жылғы 11
маусымдағы № 520 бұйрығыменМинистерство внутренних дел Республики
Казахстан

Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеудің кейбір мәселелері туралы

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер
министрінің 11.06.2015 № 520 бұйрығымен.*

"Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу
ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12
шілдедегі № 1063, "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандырудың кейбір
мәселелері туралы" 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1235 және 2009 жылғы 27
тамыздағы № 1260 қаулыларын орындау үшін Қазақстан Республикасының
азаматтарын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша ішкі істер
органдарының қызметін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының
халқын құжаттандыру және тіркеу қағидаларын қолдану туралы нұсқаулық;
- 2) Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының
тіркелген және тіркеу есебінен шыққан азаматтарын есепке алу ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру және
тіркеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 352 бұйрығының (2011 жылғы 1 маусымдағы № 74-75 "Заң газеті" газетінде № 6758 басылып шыққан Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті (П.К. Нокин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдасын және мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми басылып шығуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары Қ.С. Тыныбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы комитетіне (П.К. Нокин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 1 желтоқсаннан туындайтын құқықтық қатынастар қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

_____ Е.Қазыханов

2011 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

_____ Р. Түсіпбеков

2011 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2011 жылғы 28 қарашадағы
№ 631 бұйрығына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу
қағидаларын қолдану туралы нұсқаулық**

1. Жеке басты куәландыратын құжаттарды беру

Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу қағидаларын қолдану туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы", "Халықтың көші-қоны туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 қаулысына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру және тіркеу мәселелерін реттейді.

1. Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке басын куәландыратын мынадай құжаттар:

Қазақстан Республикасы азаматының паспортын;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін береді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар иесінің қалауы бойынша мемлекеттік тілде немесе орыс тілдерінде, ал Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, сонымен қатар ағылшын тілінде толтырылады. Паспортта ұлты туралы жазба азаматтың қалауы бойынша көрсетіледі.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты азаматтардың қалауы бойынша, жасына қарамастан, жарамдылық мерзімі он жылға беріледі. Азаматтың өтініші бойынша паспорттың жарамдылық мерзімін облыстардың, Астана,

Алматы қалаларының ішкі істер департаменттері (бұдан әрі - ішкі істер департаменттері) паспорттың бос бетіне тиісті жазба жазыла отырып, 1-қосымшаға сәйкес мөртабан үлгісіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы паспортының жарамдылық мерзімін ұзарту туралы мөртабан қою арқылы азаматтың өтініш білдірген жері бойынша тағы бір жылға ұзартады, ол паспорттық елтаңбалы мөрмен бекітіледі және Ішкі істер департаментінің халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімі бастығының немесе оның міндетін атқаратын адамның қолымен расталады. Елден тыс жерлерде тұратын азаматтарға Қазақстан Республикасы азаматы паспортының жарамдылық мерзімін Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері ұзартады.

3. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі азаматтарға 16 жастан бастап беріледі және Қазақстан Республикасының аумағында жарамды болып табылады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі жарамдылық мерзімі он жылға беріледі.

4. Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәлігін жоғалтқан, одан әрі пайдалануға жарамсыз болған кезде және жеке басын куәландыратын құжаттары адамдарға олардың өтініші бойынша жеке басын куәландыратын жаңа құжаттар алғанға дейін 2-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша уақытша жеке куәлік жарамдылық мерзімі 3 айға дейін беріледі.

Уақытша жеке куәлік халықты құжаттандырудың және тіркеудің уәкілетті қызметкерінің қолымен түсінікті етіп, азаматтың қалауы бойынша - мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылады. Уақытша жеке куәлікке азамат туралы мынадай мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты, туған жері және күні, ұлты (қалауы бойынша), тұрғылықты жерінің мекенжайы, берген орган және берілген күні, жарамдылық мерзімі, азаматтың қолы енгізіледі.

"Туған жері" деген жолда облыс (қала), Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туғандар үшін - ел, ал "тұрғылықты" жері деген бағанда облыс, аудан және елді мекені көрсетіледі.

"Туған күні", "берілген күні", "дейін жарамды" деген жолдарда күні, айы, жылы араб цифрларымен көрсетіледі. Уақытша жеке куәлікті беру халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімі жауапты қызметкерінің қолымен және паспортты елтаңбалы мөрмен расталады.

"Берген орган" деген жолда тиісінше құжатты берген ішкі істер органының бөлінісі көрсетіледі.

Уақытша жеке куәлікке көлемі 3,5 x 4,5 сантиметр (бұдан әрі - см) иесінің фотосуреті жапсырылады, ол паспортты елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Уақытша куәлікті беру 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарына берілген уақытша куәліктерді есепке алу журналында тіркеледі.

5. Жеке басты куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ уақытша жеке куәліктерді бергені үшін Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінде (бұдан әрі - Салық кодексі) белгіленген мөлшерде мемлекеттік баж алынады.

2. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды дайындау үшін формулярларды ресімдеу

6. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және жеке куәлігін дайындау үшін халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша формуляр толтырылады. Бұл ретте оны жеке басын сәйкестендіру және қолын қою үшін азаматтың жеке өзінің болуы міндетті.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтарға формуляр олардың тіркелген жері бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөліністерінде, ал осы тармақтың төртінші, бесінші абзацтарында көрсетілген жағдайларда - азаматтың жүрген жері бойынша толтырылады.

Формуляр мынадай:

тергеу қамауындағыларға және бас бостандығынан айыру орындарда жазасын өтеп жатқан адамдарға;

мүгедектерге, әрекетке қабілетсіз және науқас адамдарға;

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын ауыстыруға және олардың жоғалуы бойынша қалпына келтіруге өтініш білдірген азаматтарға, сондай-ақ туу туралы куәліктің негізінде Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар алуға алғаш рет өтініш білдірген адамдарға;

"Халықты құжаттандыру және тіркеу" тіркеу пункттері (бұдан әрі - ХҚТ ТП) болмаған жағдайда;

ХҚТ ТП-мен байланыс арналары бұзылған немесе оның құрал-жабдықтары сынып қалған жағдайлар толтырылады.

Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері Қазақстан Республикасының мынадай азаматтарына:

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратындарға;
шет мемлекеттердің аумағында орналасқан оқу орындарында күндізгі оқу нысанында білім алатындарға;

көрсетілген адамдардың олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне;
шетелде дипломатиялық қызметтің персоналымен бірге тұратын дипломатиялық немесе қызметтік паспортты алуға құқығы жоқ дипломатиялық қызмет персоналының туысқандарына формулярлар толтырады.

Азаматтар құжаттандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитетіне (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ІМ КҚДК) өтініш білдірген кезде формулярларды толтыруды, дайын құжаттарды беруді, паспорттың жарамдылық мерзімін ұзартуды ІМ КҚПК жүргізеді.

Тұрақты тұратын жері болмаған жағдайда жеке басты куәландыратын құжаттар Қазақстан Республикасының азаматына ішкі істер органдары растаған уақытша тұратын жері (белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған оңалту және бейімдеу орталығы, еңбекпен түзеу мекемелері) бойынша және ішкі істер органдары растайтын нақты жүрген жері (уақытша ұстау изоляторлары, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған қабылдау-тарату орындары) бойынша беріледі.

7. Формулярдың нөмірі мен штрихкоды бар, қатаң есептегі баспаханалық бланк, ол Қазақстан Республикасының құжаттандырылған халқының орталықтандырылған ақпараттық деректер базасына (бұдан әрі - деректер базасы) енгізілетін ақпаратты тасымалдағыш болып табылады және ол кейіннен берілген құжаттармен жеке тұлғаны сәйкестендіру және мекенжай-анықтамалық жұмыс мақсатында пайдаланылады.

8. Формулярлардың бланкілері реттік нөмірлері бойынша № 2 нысанды жеке куәліктерді, паспорттарды дайындауға арналған формулярларды есепке алу кітаптарында 5-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - 2-нысанды кітап) есепке алынады.

9. Формуляр қара, қара көк немесе күлгін түсті сиялы шарикті қаламмен толтырылады. Формулярдағы деректерді түзету туралы формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға "№ жолдағы түзету дұрыс (дұрыс деректерді көрсете отырып)" деген жазба жазыла отырып, халықты құжаттандырудың және тіркеудің уәкілетті қызметкерінің қолымен және паспортты елтаңбалы мөрмен расталады.

10. Паспортты, жеке куәлікті алуға арналған түбіртек формуляр бланкісі толтырылғаннан кейін одан бөліп алынып, азаматқа беріледі.

11. Бүлінуіне, тозуына, жеке тұлғаны сәйкестендіру мүмкін емес болуына байланысты одан әрі пайдалануға жарамсыз құжаттарды қоспағанда, жаңа паспорттар мен жеке куәліктер берілгенге дейін азаматтың бұрынғы құжаттары алынбайды.

Азаматтың өтініші бойынша ауыстырылуға жататын, бірақ шет мемлекеттің қолданыстағы визасы бар паспорт алынбайды. Бұл ретте жарамсыз паспорт жоюға (паспорттың бір жақ шетін тескішпен тесу арқылы) жатады, паспорт иесі қажеттілік мерзімі аяқталған соң паспортты тіркелген жері бойынша ішкі істер органына тапсыру қажеттігі туралы ескертіледі. Формулярдың сыртқы бетіне "паспорт тапсырылған жоқ" деген белгі қойылады.

12. Жоғалған, заңсыз берілген, басқа мемлекеттің азаматтығын алғандығы туралы ақпарат бола тұра алынбаған, жаңа құжаттарға ауыстырылған кезде және азаматтардың қайтыс болуына байланысты алынбаған паспорттар мен жеке куәліктер, заңсыз берілгендер, өзге мемлекеттің азаматтығын қабылдағаны туралы деректер он күн сайын ішкі істер департаменттерінде жинақталады және одан әрі 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша деректер базасына түзетулер енгізу үшін Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК-ге және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жіберіледі.

13. Формулярды толтыру негізділігі мен дұрыстығы формулярды толтырған халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкердің қолымен, оған берілген дербес коды көрсетіле отырып расталады. Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлердің дербес кодтары бес таңбалы әріп-санды индекстерден тұрады, ондағы 1-ші белгі (латын әрпі) -

облыстың коды, 2-ші белгі (орыс тілі алфавитінің әрпі) - ауданның коды, 3-ші, 4-ші және 5-ші белгілер - өңір ішінде формулярлар толтыруға рұқсаты бар халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлердің реттік тіркеу нөміріне сәйкес келетін 00 ден - 999 дейінгі араб сандары. Формулярларды толтыратын халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер ауысқан кезде олардың дербес кодтары жарамсыз деп есептеледі, ал жаңадан тағайындалғандарға жаңа дербес кодтар беріледі. Бұл ретте оларға кодтың алғашқы екі белгісін өзгеріссіз қалдырып, осы бөліністегі пайдаланылмаған бос реттік нөмірлердің ішінен келесі код белгісі беріледі. Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлерге берілген, сондай-ақ жойылған кодтар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК-ге жолданады.

Дербес кодтардың әріптік индекстерін Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК береді, сандық индекстерді ішкі істер департаменттерінің халықты құжаттандыру және тіркеу бөліністері жаңартады және олар департамент бастықтарының бұйрықтарымен бекітіледі.

14. Формулярларды толтыру туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының азаматтары 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтарды тіркеу кітабын немесе 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрақты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын мекенжай анықтамасын, жеке басын куәландыратын құжат үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек, фотосуреттерді және басын куәландыратын құжаттарды ресімдеу себебіне сәйкес төменде санамаланған мынадай құжаттардың бірін ұсыну қажет:

туу туралы куәлік;

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты;

бұрынғы КСРО жалпы азаматтық шетелдік паспорты;

қайтуға берілген куәлігі;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 23 тамыздағы № 556 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қарауы жөніндегі нұсқаулыққа" (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2045 болып тіркелген, 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдау туралы анықтама (бұдан әрі - № 6 нысанды анықтама).

15. Формулярларды толтырған кезде азаматтардан көлемі 3,5 x 4,5 см. түрлі-түсті екі фотосурет талап етіледі. Фотосурет азаматтың құжат ресімдеу кезіндегі жасына сәйкес, қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген болуы тиіс, бұл ретте адамның беті фотосуреттің жалпы көлемінің 75% жуығын алуы тиіс. Компьютерлік сканерлеу және модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді. Діни нанымдарға байланысты суретке бас киіммен түсуге рұқсат етіледі. Бұл ретте иегінің төменгі бөлігінен маңдайына дейінгі бет элпеті және бетінің екі жағы анық көрінуі тиіс.

Фотосурет:

формулярдың алдыңғы бетінде арнайы бөлінген орынға;

формулярдың артқы бетінде 18 жолдың қатарына жапсырылып, паспорттық елтаңбалы мөрмен куәландырылады. Мөр бедері анық, еркін оқылатын болу керек, бұл ретте мөр нөмірі фотосуретке емес бланкіге қойылуға тиіс;

16. Формулярда азаматтың қолы өз қолымен қара, көк немесе күлгін түсті сиялы шарикті қаламсаппен қойылады. Сия және капилляр (гельді) қаламдарды пайдалануға жол берілмейді.

Формулярларды толтыру кезінде:

16 жасқа дейінгі балаларға;

әрекетке қабілетсіз, сауатсыз, мүгедектігі бойынша;

ерекше жағдайларда, жеке қолын қоюдан бас тартқандарға (тергеу-қамауға алынғандар, тергеудегі адамдар) формулярға қол қоймауларына болады.

Көрсетілген жағдайларда қол қоюға арналған баған бос қалдырылады, растайтын құжаттың көшірмесі (зейнеткердің мүгедектігі туралы куәлігі, денсаулық жағдайы туралы анықтама, құқық қорғау органының хаттамасы) алынады, формулярдың келесі бетіндегі бос орынға қол қойылмау себебін көрсету қажет. Жеке куәліктерді дайындауда қойылатын қолдың орнына толтыру тілінде арнайы белгі "не может подписать", "мүмкіндігі жоқ", паспортта ағылшын тілінде "unable to sign" деген белгі қойылады.

17. Формулярды толтыру кезінде:

тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі - Т.А.Ә.) (болған жағдайда) және басқа да деректері;

жергілікті жердің атауы;

құжаттарды берген орган аты формулярды толтыру үшін негіз болып табылатын құжаттардағы жазбаларға сәйкес жазылады, бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендердің атауы қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес жазылады.

Барлық кодтар, сондай-ақ тіркелген жерінің мекенжайлары және олар бойынша қабылданған қысқартулар кодтар мен қысқартулардың анықтамалықтарына сәйкес 9-қосымшадағы нысан бойынша көрсетіледі.

6, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-жолдардағы мерзім сандармен мынадай ретпен қойылады: жылы, айы, күні.

18. Формулярды толтыру кезінде мынаны басшылыққа алу қажет.

«ПАСПОРТ, ЖЕКЕ КУӘЛІК БЕРІЛЕДІ» деген нөмірсіз жол тапсырыс берілетін құжаттың түріне сәйкес жеке куәлік және паспорт үшін латынша «N» бас әрпін қою арқылы толтырылады. Егер азамат тек жеке куәлік немесе тек паспорт алса, екінші жолда сызықша қойылады.

«ПАСПОРТ, ЖЕКЕ КУӘЛІК БЕРІЛЕДІ» деген 1-жолда формулярды толтырудың бір немесе бірнеше себептердің (7 кодқа дейін) коды көрсетіледі, мысалы тегін өзгертуі «04 жеке куәліктің жоғалуы «09», заңды мекенжайын ауыстыру «10» және т.б.

1-ақпараттық жолдағы кодтар мынадай тәртіпте көрсетіледі:

«00» коды формулярды 16 жасқа дейінгі балаларға паспортты беруге толтыру кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәлігінің деректері жазылады, формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға бар болса жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) көрсетіледі. Балалардың жеке басын тексеріп, сәйкестендіруді жүргізу үшін жеке өздерінің болуы міндетті.

Формулярды ресімдеу үшін ата-аналарының бірінің жеке куәлігі, тұрақты тұрғылықты жері бойынша баланың тіркелгенін растайтын мекенжай анықтамасы ұсынылады. Формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға ата-

аналарының бірінің жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган, сондай-ақ егер бар болса, жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі және паспорттық елтаңбалық мөрмен расталады.

«01» коды 16 жасқа толған азаматтар үшін көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәлігінің деректері жазылады.

Егер азамат 16 жасқа толғанға дейін паспорт алған болса, 16 жасқа толғанда формулярды толтыру кезінде 9, 10, 11-жолдарда оның паспортының деректері көрсетіледі, ал формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға паспортты елтаңбалы мөрмен растап, туу туралы куәлігінің деректері жазылады.

Туу туралы куәліктің негізінде 16 жасқа толған азаматтарға жеке басын куәландыратын құжаттар ресімдеу кезінде ата-анасының бірінің жеке куәлігі және ата-анасының тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын азаматтарды тіркеу кітабы ұсынылады.

Республикадан тыс жерлерде туған адамдарға туу туралы куәліктің негізінде формулярды толтыру Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде берілген туу туралы куәлікті қоспағанда, халықаралық шарттардың нормаларына жауап беретін құжаттар бойынша жүргізіледі.

«04» коды азамат Т.А.Ә. өзгерткен кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке куәлігінің деректері, ал 5-жолда бұрынғы тегі, ал 3 және 4-жолдарда азаматтың аты, әкесінің аты жазылады. Азаматтық хал актісіне жазба енгізе отырып, азаматтың Т.А.Ә. өзгерген жағдайда, анықтамалық деректердің өзгергені туралы куәліктің, неке қию туралы куәліктің деректері формулярдың сыртқы жағындағы бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалық мөрмен расталады».

Мемлекеттік тіркеу күннен бастап неке қиюды (бұзуды) азамат бір ай мерзімде жеке басын куәландыратын құжатты ауыстыруға міндетті.

«05» коды азамат туған күнін өзгерткен кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке куәлігінің деректері жазылады. Формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында паспорттық елтаңбалық мөрмен расталатын, туған күнін өзгерткені туралы куәліктің деректері көрсетіледі. Анықтамалық деректерін өзгерту негізінде («04», «05» коды) жеке куәлік, паспорт алуға формулярды толтыру некеге тұруды, некені бұзуға байланысты, сондай-ақ ұлты қазақ адамдардың ұлттық дәстүрге сәйкес тегін өзгертуді қоспағанда, 10-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша анықтамалық деректерді өзгерту туралы қорытынды (бұдан әрі – анықтамалық деректерді өзгерту туралы қорытынды) шығарылғаннан кейін жүргізіледі.

«Анықтамалық деректерді ауыстырудың шынайылығын анықтау үшін халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер тексеру материалын қалыптастырады, оған мынадай құжаттар:

азаматтың анықтамалық деректерін өзгерту туралы еркін нысандағы өтініші;

анықтамалық деректерін өзгерткені туралы куәлігі;

туу туралы акт жазбасының көшірмесі;

ауыстыруға жататын құжат (жеке куәлік, паспорт) жатады.

Анықтамалық деректерді ауыстыру туралы өтініштің негізділігін растау кезінде халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкері екі жұмыс күн мерзімінде анықтамалық деректерді ауыстыру бойынша қорытынды шығарады, оны Ішкі істер басқармасының (бөлімнің) бастығы немесе оның орынбасарымен бекітеді. Қорытындыны тіркеу анықтамалық деректерін, ұлтын, туған жерін ауыстыру, жеке басын тексеру бойынша және жеке басын куәландыратын құжаттарды беру, 1974 жылғы үлгідегі паспортты жоғалту туралы 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – қорытындыларды тіркеу журналы) тіркеу журналында тіркеледі. Тексеру материалы жеке номенклатуралық іске қалыптастырылады.

«06» коды жеке басын куәландыратын құжаттарда жіберілген қателер табылған жағдайда көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда қате табылған жеке куәліктің немесе паспорттың, егер ол жеке куәліктен бөлек ресімделсе, деректері жазылады. Егер дайындалған жеке басын куәландыратын құжаттарда өндірістік ақауға жол берілсе, жаңадан ресімделген формулярмен бірге бұрынғы формулярды және жіберілген қатесі бар құжатты Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК-ге жіберген жөн. Бұл ретте олар жалпы тізімге енгізілмей, жеке тізіліммен жіберіледі, ал жеке басты куәландыратын құжаттарды қайталап дайындау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі «Ақпараттық-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі – «АӨО» РМК) есебінен жүргізіледі. Жаңа құжат дайындалғаннан кейін бұрынғы (қатесі бар) құжат өндірістік ақау ретінде «АӨО» РМК жойылады, ал екі формуляр

дайындалған құжатпен бірге ресімделген жері бойынша қайтарылады. Егер қателерге халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлерінің немесе формулярды толтырған қызметкерлерінің кінәсінен жол берілген болса, онда Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК-ге қате табылған жол көрсетіле отырып, нақты еместігі туралы сыртқы бетіне жазба жазылып, растайтын құжаттың қосымшасы көшірмесімен паспорттық елтаңбалы мөрімен расталған формуляр жіберіледі. Қатесі бар құжат ішкі істер органында Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру және ресімдеу жөніндегі нұсқаулықтың (бұдан әрі – Нұсқаулық) 49-тармағында белгіленген тәртіппен жойылады.

Азаматтың фотосуреті деректер базасындағы жеке басын куәландыратын құжаттағы фотобейнемен сәйкес келмеуі анықталған кезде халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер құжаттандырылатын адамның жеке басын және құжаттардағы сәйкессіздіктің себебін міндетті түрде тексереді. Тексеріс нәтижелері бойынша 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтың жеке басын тану хаттамасы (бұдан әрі – азаматтың жеке басын тану хаттамасы) толтырылады. Азаматтың жеке басын тану хаттамасы оның фотосуреті мен біруақытта ұсынылған танылатын адамның сыртқы келбетімен мүмкіндігінше ұқсас келетін басқа адамдардың кемінде үш фотосуреті бойынша, жақын туыстарын немесе азаматты 10 жылдан артық уақыт білетін адамдарды (екі немесе одан да көп адам) тарта отырып толтырылады, осыдан кейін екі жұмыс күн ішінде қорытынды шығарылып, формулярмен бірге, жарамсыз паспорттарды, жеке куәліктерді, 1974 жылғы үлгідегі паспорттарды, уақытша жеке куәліктерді, шекара аймағындағы тұрғындардың куәліктері, 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған формулярлардың бланкілерін толтыру кезінде бүлінген бланкілерді жою туралы актіні (бұдан әрі - жою туралы акті) Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК-ге жолданады. Қорытынды тіркеу қорытындыларды тіркеу журналында жүргізіледі.

«07» коды құжат пайдалануға жарамсыз болған жағдайда (бүліну, ескіру, техникалық ақаулар, паспорттың барлық беттерін пайдалану, жеке басын куәландыратын құжатта ЖСН болмауы) көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарында жарамсыз құжаттың деректері жазылады, ал формулярдың екінші бетінің бос орнында құжаттың жарамсыздығының нақты себебі көрсетіледі. Бүлінуіне, ескіруіне, адамды сәйкестендіру мүмкін болмауына байланысты

пайдалануға жарамсыз құжат формулярды толтыру кезінде алынады, бұл ретте азаматтың қалауы бойынша уақытша жеке куәлік беріледі.

Сондай-ақ «07» коды формулярды ресімдеген кезде «қажет етілмеген» себебі бойынша деректер базасында жарамсыздар қатарына енгізілген құжаттың негізінде көрсетіледі.

«08» коды азамат өзінің ұлтын өзгерткен кезде көрсетіледі. Паспортта және жеке куәлікте ұлты туралы жазба ата-аналарының ұлтына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналары әр түрлі ұлттан болған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматы әкесінің немесе анасының ұлты бойынша еркін таңдау құқығы бар.

Ата-анасының ұлты белгісіз болған жағдайда, оны құжат иесі Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабына сәйкес айқындайды.

Азаматтардың жеке куәліктерінде және паспорттарында ұлты туралы жазбаны өзгертуді олардың жазбаша өтініштері бойынша ішкі істер органдары туу туралы куәліктің және қолдаухаттың негізділігін растайтын өзге де құжаттар негізінде бір рет жүргізіледі.

Ұлтын өзгерту туралы өтініштің негізділігі расталған кезде халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер екі жұмыс күн мерзімінде ұлтын өзгерту бойынша қорытынды шығарады, оны Ішкі істер басқармасының (бөлімнің) бастығы немесе оның орынбасары бекітеді және қорытындыларды тіркеу журналында тіркеледі. Тексеру материалдары бөлек номенклатуралық істе қалыптастырылады.

Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке куәліктің (немесе паспорттың шетелде тұратындар үшін) деректері жазылады, ал формулярдың артқы бетінде бос орында елтаңбалы мөрмен расталған ұлтты өзгерту туралы қорытынды нөмірі мен күні қойылады. 8-жолда азаматтың жаңа ұлты, ал 8-жолдың астына бұрынғы ұлты жазылады.

Бір уақытта халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер азаматқа ұлты туралы жазбаның өзгертілгені туралы анықтама береді, ол тиісті азаматтық хал актілеріндегі жазбаларда ұлты туралы мәліметтерге өзгерістер енгізу үшін өзінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша азаматтық хал актілері жазбалары (бұдан әрі - АХАЖ) органдарына ұсынылады.

Сондай-ақ «08» коды азамат жеке басын куәландыратын құжаттарда ұлтын көрсеткісі келмеуіне байланысты, оларды ауыстырғанда формулярды толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл жағдайда 8-жол толтырылмайды, онда «999» коды қойылады.

Азаматтардың паспорттарында, жеке куәліктерінде ұлты туралы жазбаны өзгерту туралы даулар сот тәртібімен шешіледі.

Ерекше жағдайда Қазақстан Республикасының аумағына қуғын-сүргін кезінде күштеп жер аударылған Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарындағы, жеке куәліктеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуге рұқсат беріледі. Ұлтын өзгерту «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 20 мамырдағы № 1612 Заңына сәйкес берілетін ақтау туралы анықтамалардың негізінде жүргізіледі.

«09» коды азамат жеке куәлігін жоғалту себебі бойынша формулярды толтыру кезінде көрсетіледі.

Картотекада формулярдың түпнұсқасы болмаған жағдайда формулярдың түпнұсқасы жоғалғаны туралы акт жасалады.

Жеке басын және жоғалған жеке куәліктер туралы мәліметтерді растау үшін Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК деректер базасынан ІІМ КҚПК паспортты елтаңбалық мөрімен расталған фотосуреті бар ақпарат сұратады.

Жоғалған жеке куәліктерін басқа өңірлерден алған азаматтар өтініш білдірген жағдайда, ХТҚ ТП жоқ көші-қон полициясы бөліністері куәлік иесінің сәйкестігін растау және жоғалған құжат туралы мәліметтер беру үшін 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фотосуреттері бар (1-нысанды формулярлардың 1974 жылғы үлгідегі паспорттар үшін) көшірмелерін ұсыну туралы сұрау салу жібереді.

Формулярдың (1-нысанды) көшірмесін ұсыну туралы сұрау салуға жауап азаматтан өтініш келіп түскен келесі күннен кешіктірмей 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолданады.

Жеке басты куәландыратын құжаттарды жоғалтумен байланысты сұрау салулар азаматтардың өтініштері келіп түскен күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жолданады, ал жауаптар олар келіп түскеннен кейін 48 сағаттан кешіктірмей сұрау салу бастамашысына жіберіледі.

Формулярдың 9, 10, 11-жолдарында жоғалған жеке куәліктің деректері жазылады. Паспорты бар болса, 9, 10, 11-жолдарда қолындағы паспортының деректері көрсетіледі. Формулярдың сыртқы бетіне жоғалған құжатты қалпына келтіру туралы азамат өтінішінің нөмірі және күні жазылады.

Азаматтың қолында жеке басын куәландыратын құжаттың біреуі болған жағдайда (жеке куәлік және паспорт) жеке тұлғаны сәйкестендіру қолында бар құжатпен деректер базасында жүргізіледі.

Азаматтар жеке куәлігін жаңа тұрғылықты жерге көшу кезінде жоғалтқан жағдайда, жоғалған жеке куәлікті қалпына келтіруді ішкі істер органдары жаңа тіркелген орны бойынша жүргізеді.

Ішкі істер органдарына келіп түскен, табылған және келіп түскен күннен бастап бір жыл ішінде иелері талап етпеген жеке куәліктер осы Нұсқаулықтың 49-тармағында белгіленген тәртіппен табылған, бірақ талап етілмеген ретінде жойылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттың жоғалғаны туралы хабарлаған азаматтың өтініші бойынша оған тұрғылықты жері бойынша тіркелетін уақытша жеке куәлік беріледі.

Жеке куәліктерді тұрғылықты емес жерінде жоғалтқан жағдайда ішкі істер органдары азаматтардың арызы бойынша оларға тұрғылықты жерлеріне оралу үшін уақытша жеке куәлік береді, жоғалтқан жеке куәлікті беру және жеке басын растайтынын тексеруі халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер деректер базасы бойынша іске асырады.

«10» коды азамат заңды мекенжайын ауыстырған кезде көрсетіледі.

Егер қала немесе облыс ішінде заңды мекенжайы өзгерген кезде азаматтың жеке куәлігінің "заңды мекенжайы" деген бағанында тек ол тұратын қала немесе облыс көрсетілген болса, жеке куәлігі ауыстырылмайды.

Егер жеке куәлігінде тіркелген жаңа мекенжайына сәйкес келмейтін толық заңды мекенжайы (қала, аудан, көше, үй, пәтер) көрсетілген болса, жеке куәлікті ауыстыру қажет етіледі.

9, 10, 11-жолдарда азаматтың жеке куәлігінің деректері жазылады. Бұл ретте 14-жол (бұрынғы тұрғылықты жері) міндетті түрде толтырылады.

«11» коды жеке куәлік пен паспорт төмендегі жағдайларда алғаш ресімдеген кезде: 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын ұсынған немесе оны жоғалтуына байланысты қалпына келтірген, азаматтығы жоқ адам куәлігін ұсынған кезде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 23 тамыздағы № 556 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қарауы жөніндегі нұсқаулыққа» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2045 тіркелген) 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаны туралы анықтама (бұдан әрі – 5 нысанды анықтама) қоса тапсырылса көрсетіледі.

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты бойынша құжаттандыру үшін азаматтардан: жеке басты куәландыратын құжаттарды уақтылы алмау себептері көрсетілген еркін нысандағы өтініш, барлық тұрған жерін, оқу, жұмыс орындарын көрсете отырып, толық өмірбаян, 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты, азаматтарды тіркеу кітабы (мекенжай анықтамасы), әскери міндеттілер үшін әскери билет (немесе әскери тіркеу туралы мәліметті растайтын құжат) қабылданады. Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер осы Нұсқаулықтың 20-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырылған 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортының, азаматтарды тіркеу кітабының, әскери билеттің, (немесе әскери тіркеу туралы мәліметті растайтын құжаттың) көшірмелері тексеру материалына тігіледі.

Паспорттардағы тіркеу мөртаңбасының шынайылығы күмән тудырған немесе болмаған кезде халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер азаматты оның азаматтығын растау үшін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелу заңдылығына тексеру жүргізеді. Тіркеу туралы мәліметтер аумақтық ішкі істер органдарының картотекалары, ауылдық, ауылдық округтердің шаруашылық кітаптары бойынша тексеріледі. Тіркелу фактісін анықтау үшін бұрынғы тұрған жерлері бойынша сұрау салулар жіберіледі.

Аталған адамға паспорттың берілгенін және фотосуреттердің ұқсастығын растау, сондай-ақ ерекше белгілерінің (шетел мемлекетінің азаматтығы туралы, ауыстыру, паспортты жоғалту, құзыретті органдардың сұрау салулары туралы) болуына тексеру жүргізу үшін халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер міндетті түрде 15-қосымшаға сәйкес суреті бар формулярдың көшірмесін (1-нысанды) және оның берілгенін растайтын, 1974

жылғы үлгідегі паспорттарды есепке алу бойынша 2-нысанды кітаптан (бұдан әрі – 2-нысанды кітап) жазбаларды ұсыну туралы сұрау салу жолдайды.

Паспортты елтаңбалы мөрмен расталған 1-н көшірмесі және 2-н кітабынан алынған мәліметтер тексеру материалдарына тігіледі.

Сондай-ақ, халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер азаматты Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы немесе оны жоғалтуы, республикадан тыс жерге тұрақты тұруға кетуі, шетелдік ретінде республика аумағына тіркелуі жөнінде тиісті есептер бойынша тексереді. Тексеру бойынша мәліметтер тексеру материалдарына тігіледі.

Жеке басын анықтау үшін халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер азаматтың фотосуреті мен онымен бірге ұсынылған танылатын адамның сыртқы келбетімен мүмкіндігінше ұқсас келетін басқа адамдардың кемінде үш фотосуреті бойынша жақын туыстарын немесе азаматты 15 жылдан артық уақыт білетін адамдарды (екі немесе одан да көп адам) тарта отырып, адамның жеке басын тану хаттамасын толтырады.

Азаматтың жеке басын анықтау және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі расталған жағдайда, халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды (бұдан әрі - жеке басын тексеру және жеке басын куәландыратын құжаттар беру қорытындысы) шығарып, ол жеке басын куәландыратын құжаттарды беру және жеке басын тексеру нәтижесі бойынша қорытындыларды тіркеу журналына тіркеледі, оның нөмірі мен күні формулярдың екінші бетінде көрсетіліп, паспорттық-елтаңбалық мөрмен бекітіледі. 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты берілгенін растайтын 5-нысандағы анықтама мен 1-нысан көшірмесі болған жағдайда, тексеру материалын қалыптастыру жүргізілмейді, бұл ретте 1-нысандағы көшірмені 5-нысандағы анықтаманың көшірмесімен бірге азаматтық және иммиграция бөлімі береді.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тіркелгенін растайтын құжаттар болмаған кезде, оның ішінде 1992 жылғы 1 наурызға немесе азаматтар Қазақстан Республикасының тіркеу есебінен шығарылған және тоғыз ай ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жаңа келген орны бойынша тіркелмеген болса, халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер азаматтың азаматтығын анықтауға тексеру жүргізеді, тексеру аяқталғаннан кейін оған 5-

нысанды анықтама беріліп, ол Қазақстан Республикасы азаматының паспортымен және жеке куәлігімен құжаттандыру үшін негіз болып табылады. 5-нысандағы анықтама болған жағдайда қосымша тексеру материалдары қалыптастырылмайды. Формулярды ресімдеу кезінде Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі туралы анықтаманың нөмірі мен күні формулярдың екінші бетіндегі бос орында көрсетіледі және паспорттық-елтаңбалық мөрмен расталады.

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын жоғалтқан кезде құжаттандырылу үшін азаматтардан:

жеке басын куәландыратын құжаттарды уақтылы алмау және жоғалту себептері көрсетілген еркін нысандағы өтініш;

барлық тұрған, оқыған, жұмыс істеген жерлері көрсетілген толық өмірбаян;

азаматтарды тіркеу кітабы (мекенжай анықтамасы);

әскери міндеттілер үшін әскери билет (немесе әскери тіркеу туралы мәліметтерді растайтын құжат) қабылданады.

Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер осы Нұсқаулықтың 20-тармағында белгіленген тәртіпте куәландырылған азаматтарды тіркеу кітабының, әскери билеттің (немесе әскери тіркеу туралы растайтын мәліметтің) көшірмелерді тексеру материалына тігеді.

Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер аталған адамға паспорттың берілгенін және фотосуреттердің ұқсастығын растауға, азаматтарды және Қазақстан Республикасының азаматтығын растау үшін Қазақстан Республикасы аумағында тіркелу заңдылығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу мәніне ішкі істер органдарының есебі бойынша немесе оны жоғалту, республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуге, республика аумағында шетел азаматы ретінде тіркелуіне тексеру жүргізеді. Тексеру бойынша мәліметтер тексеру материалдарына тігіледі.

Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер азаматтың фотосуреті мен біруақытта ұсынылған танылатын адамның сыртқы келбетімен мүмкіндігінше ұқсас келетін басқа адамдардың кемінде үш фотосурет бойынша, жақын туыстарын немесе азаматты 15 жылдан артық уақыт білетін адамдарды

(екі немесе одан да көп адам) тарта отырып, адамның жеке басын тану хаттамасын толтырады.

Азаматтардың 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттарын жоғалту туралы өтініштерінің негізінде 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1974 жылғы үлгідегі паспортты жоғалтқаны туралы іс басталады. Осы іске тіркеу нөмірі беріледі: алымы - өтініштердің тіркеу нөмірі, бөлімі - ағымдағы жылдағы істердің реттік нөмірі. 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорттарын жоғалту туралы істер 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорттарын жоғалту туралы істерді тіркеу журналында тіркеледі.

Азаматтың жеке басы анықталған және Қазақстан Республикасы азаматтығына тиесілігі расталған жағдайда, халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер екі жұмыс күні ішінде жеке басын тексеру нәтижелері және жеке басын куәландыратын құжаттарды беру бойынша қорытынды шығарады, оны Ішкі істер басқармасының (бөлімінің) бастығы не болмаса оның орынбасары бекітеді және қорытындыларды тіркеу журналында тіркеледі.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдарда жоғалған 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортының деректері жазылады, формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға паспортты елтаңбалық мөрмен куәландырылған жоғалту туралы істің нөмірі мен күні жазылады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тіркелгенін растайтын құжаттар болмаған кезде, оның ішінде 1992 жылғы 1 наурызға немесе азаматтар Қазақстан Республикасының тіркеу есебінен алынған болса және тоғыз ай ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жаңа келген орны бойынша тіркелмеген болса, халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер азаматтың азаматтығын анықтауға тексеріс жүргізеді, аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы азаматының паспортымен және жеке куәлігімен құжаттандыру үшін негіз болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі туралы анықтама беріледі.

5-нысандағы анықтама болған жағдайда қосымша тексеру материалдары жинақталмайды формулярды ресімдеген кезде Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі туралы анықтаманың нөмірі мен күні формулярдың екінші бетіндегі бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалық мөрмен расталады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар алу үшін қолдаухатпен алғаш рет өтініш білдірген және туу туралы куәлігін ұсынған 18 жастан асқан адамдарға формулярды ресімдеу туралы шешім олардың жеке басын тексеріп, Қазақстан Республикасы азаматтығына тиесілігін анықтағаннан кейін қабылданады. Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер жеке басын куәландыратын құжаттар алу мәселесі бойынша өтініш беруші адамнан:

жеке басты куәландыратын құжатты уақтылы алмау себебі көрсетілген еркін нысандағы өтініш;

барлық тұрған жері, оқу, жұмыс орындары толық көрсетілген өмірбаян; азаматтарды тіркеу кітабын (мекенжай анықтамасы);

туу туралы куәлігін;

әскери міндеттілер үшін әскери билет (немесе әскери тіркеу туралы мәліметтерді растайтын құжат);

ата-анасының біреуінің жеке басын куәландыратын құжаттарын қабылдайды.

Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер осы Нұсқаулықтың 20-тармағында белгіленген тәртіппен растаған туу туралы куәліктің, азаматтарды тіркеу кітабының, шақыру билетінің не болмаса әскери билеттің және ата-анасының біреуінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін тексеру материалына тігеді.

Ұсынылған туу туралы куәлікті растау үшін халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер АХАЖ органдарынан туу туралы акт жазбасының көшірмесін сұратады.

Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер жақын туыстарын (бір немесе одан да көп), олар болмаған жағдайда, оны 5 жылдан кем білмейтін (екі адамнан кем емес) адамдарды тарта отырып, оның жеке басын растау анықтамасын толтырады.

Екі жұмыс күні ішінде жеке басын тексеру және жеке басын куәландыратын құжаттарды беру нәтижелері бойынша қорытынды шығарылады, оған ішкі істер басқармасының (бөлімінің) бастығы немесе оның орынбасары бекітеді, содан кейін ол қорытындыларды тіркеу журналында тіркеледі.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәліктің деректері жазылады, сыртқы бетіндегі бос орынға паспортты елтаңбалық мөрмен куәландырылған жеке басын тексеру және жеке басын куәландыратын құжаттар беру туралы қорытындының нөмірі мен күні, 5-нысан берілетін анықтаманың нөмірі мен күні (оның болған жағдайда) жазылады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттары және Қазақстан Республикасы аумағында кәмелеттік жасқа дейін тұрақты тіркеуде жоқ 18 жастан асқан адамдар, Қазақстан Республикасы азаматтығына тиесілі анықтау үшін халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер тексеріс жүргізеді, аяқталғаннан кейін оларға Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігімен және паспортымен құжаттандыру үшін негіз болатын Қазақстан Республикасының азаматтылығына тиесілігі туралы анықтама беріледі.

5-нысандағы анықтама болған жағдайда тексеру материалдары жинақталмайды.

Формулярды ресімдеу кезде 5-нысан анықтаманы беру күні мен нөмірі формулярдың екінші бетіндегі бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалық мөрмен расталады.

Бұл ретте жоғалған 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортының сериясы, нөмірі, күні мен оны берген орган 5-нысандағы анықтаманың сыртқы бетіне жазылады және елтаңбалық мөрмен расталады.

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты берілгенін растайтын 5-нысандағы анықтама мен 1-нысан көшірмесі болған жағдайда, тексеру материалын қалыптастыру жүргізілмейді, бұл ретте 1-нысандағы көшірмені 5-нысандағы анықтаманың көшірмесімен бірге азаматтық және иммиграция бөлімі береді.

«Азаматтар Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі туралы 5-нысандағы анықтаманы оларды бергеннен кейін кемінде бір жыл өткен соң ұсынса, олар 5-нысандағы анықтаманы қайта алуға жіберіледі.

5-нысандағы анықтамалар (немесе олардың телнұсқалары) аумақтық бөліністерде ұдайы сақталуы тиіс).

«12» коды Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдарға формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағаны туралы анықтама деректері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 23 тамыздағы № 556 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2045 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының азаматтығымен байланысты мәселелерді қарауы жөніндегі нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – 6-нысандағы анықтама) жазылады. 15-жолда бұрынғы азаматтығы (азаматтығы жоқ адамдар үшін – АЖТ «990» коды), сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған күні жазылады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының (бұдан әрі – Жарлық) нөмірі немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатылған тәртіппен қабылдау туралы ішкі істер органдарының қорытындысы формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалық мөрмен расталады.

Бұрын ата-аналарымен бірге Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған балаларға Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін немесе паспортын ресімдеуді олардың ата-аналарын Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы анықтамалардың немесе анықтама телнұсқаларының негізінде жүзеге асыру қажет. Формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында туу туралы куәліктің нөмірі, күні және берген орган, сондай-ақ Жарлықтың нөмірі не болмаса Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы ішкі істер органдарының қорытындылары көрсетіледі.

Ата-аналарын Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы анықтамада балалары болмаған жағдайда, балаларды ресімдеу «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес туу туралы куәліктің негізінде жүзеге асырылады.

Заңдастырылмауына немесе апостиль қойылмауына байланысты туу туралы куәліктер формуляр ресімдеу үшін негіз бола алмаған жағдайларда, балаларды ресімдеу балалардың анықтамалық деректерін көрсете отырып, олардың ата-аналарына ішкі істер органдары беретін 6-нысандағы анықтаманың ұсынылған телнұсқалары бойынша жүзеге асырылады. Формулярдың сыртқы

бетіндегі бос орында 6-нысандағы анықтаманың телнұсқасы оның атына берілген ата-анасының жеке куәлігінің нөмірі, күні және берген орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаған Жарлықтың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

Бұрын ата-аналарымен бірге Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, бірақ Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды уақтылы алмаған 18 жастан асқан адамдарды ресімдеу ішкі істер органдары қайта беретін Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы 6-нысандағы анықтаманың негізінде жүзеге асырылады.

6-нысандағы анықтамалар (немесе олардың телнұсқалары) аумақтық бөліністерде ұдайы сақталуы тиіс.

«13» коды тек паспорт жоғалтқан азаматтарға формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте формулярдағы 9, 10, 11-жолдарда жеке куәліктің деректері жазылады, сыртқы бетіндегі бос орынға азаматтың паспортты қалпына келтіру туралы өтінішінің паспортты елтаңбалық мөрмен куәландырылған нөмірі мен күні жазылады.

16 жасқа дейін балаға дайындалған паспорт жоғалған жағдайда, құжатын қалпына келтіру туралы өтінішті оның ата-анасының біреуі немесе заңды өкілі жазады.

«14» коды формулярды елді мекен атауының өзгеруіне байланысты ресімдеу кезінде көрсетіледі. 14-жол толтырылмайды, ал 9, 10, 11-жолдарда қолындағы жеке куәлігінің деректері жазылады.

«15» коды формулярды Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін шетелден қайтып оралған Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәлік ресімдеу кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 14-жол (бұрынғы тұрғылықты жері) толтырылады, ал 9, 10, 11-жолдарда арызданушының қолындағы Қазақстан Республикасы паспортының деректері жазылады.

«16» коды құжаттарды дайындаудың жаңа технологиясына сәйкес олардың түрлерінің өзгеруіне байланысты иесінің қалауы бойынша формулярды жеке куәлікке және паспортқа ресімдеу кезінде көрсетіледі.

«17» коды жеке куәлік немесе паспорттың негізінде алғаш рет құжат алуға формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда қолындағы жеке куәлігінің немесе паспортының деректері жазылады.

«18» коды жеке басын куәландыратын құжаттың жарамдылық мерзімі өтуіне байланысты формуляр толтыру кезінде көрсетіледі, ал 9, 10, 11-жолдарда өтініш иесінің қолындағы жеке куәлігінің деректері жазылады. Формулярды толтыруға жеке басты куәландыратын құжаттың жарамдылық мерзімінің өтуіне бір ай қалғанда рұқсат етіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2012 № 618 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

19. Т.А.Ә., жерін, туған күнін ауыстыруға байланысты формулярды толтырған кезде анықтамалық деректерін (Т.А.Ә., ұлтын, туған күні және жерін) өзгертуге байланысты аудандық және қалалық ішкі істер органдарына жеке басты куәландыратын құжаттарды ауыстыру мәселесі бойынша өтініш білдірген азаматтар туралы мәліметтер әр айдың 15 және 30 күніне Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕАК) аумақтық басқармасына жолданады.

20. Құжаттарды қабылдаған халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер тексеру материалдарына тігілген барлық анықтамалар және құжаттардың көшірмелерін құжаттың түпнұсқасымен міндетті түрде салыстыра отырып тексереді, содан кейін құжаттың көшірмелеріне "Көшірмесі дұрыс" жазбасы паспортты елтаңбалы мөрмен растайды, салыстыра тексеруді жүргізген қызметкердің Т.А.Ә., қызметі көрсетіліп, қолы қойылады.

21. Құжаттандыру мәселелері бойынша өтініш білдірген азаматтардың өтініштері ішкі істер органы бойынша жалпы тәртіппен тіркеледі, жеке басын анықтау, анықтамалық деректерін ауыстыру туралы қорытынды қорытындыларды тіркеу журналына тіркеледі.

22. Құжаттандыру мәселелері бойынша азаматтар ұсынған құжаттың түпнұсқалығына немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі күмән тудырса, сондай-ақ халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер формулярды негізсіз ресімдегені анықталған кезде құжаттандырылатын адамның жеке басын қосымша тексеру жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген санаттағы азаматтарды тексеру аяқтағаннан кейін халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер екі жұмыс күні ішінде олардың жеке басын анықтау және жеке басын куәландыратын құжаттарды беру бойынша қорытынды шығарады, оны ішкі істер басқармасының (бөлімінің) бастығы немесе оның орынбасары бекітеді, содан кейін қорытындыларды тіркеу журналына тіркейді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2012 № 618 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

23. Формулярдағы 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12-жолдар оны толтыру үшін негіз болған құжатқа сәйкес толтырылады. Формулярдағы Т.А.Ә. және паспорттар, жеке куәліктер алуға төлеген түбіртектегі жазба бірдей болуы тиіс. 7-жолда ерлерге-1, әйелдерге-2 саны қойылады.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдар кодтарды бірге қоя отырып, оны ресімдеу үшін негіз болған құжатқа сәйкес толтырылады:

"01" туу туралы куәлік;

"02" 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты;

"03" Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

"08" Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы белгіленген нысандағы анықтама;

"10" уақытша жеке куәлік (тек құжаттары жоқ азаматтар үшін 1 жолда "11" коды қою кезінде);

"12" Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

"13" шет мемлекетте уәкілетті органдар берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі (адамды Қазақстан Республикасының азаматы деп таныған жағдайларда).

"15" Қазақстан Республикасында уәкілетті органдар берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі (адамды Қазақстан Республикасының азаматы деп таныған жағдайларда).

11-жол қысқартусыз толтырылады, құжатты берген қалалық, аудандық органның атауы, сондай-ақ облыстың атауы, Астана, Алматы қалалары толық көрсетіледі.

Формулярдың 12-жолында Қазақстан Республикасының аумағында туған азаматтар үшін көрсеткен құжатына сәйкес тиісті жолдарда - облыс, Астана, Алматы қалалары, аудан және оларға тиісті кодтар, елді мекен жазылады.

Шетелде туған азаматтарға тиісті жолдарда елдің, облыстың (өлкенің) ауданның, елді мекеннің атауы жазылады, бұл ретте тек елдің коды көрсетіледі, басқа кодтар қойылмайды.

Формулярдың 13, 14-жолдары тиісті жолдарда азаматтың қазіргі және бұрынғы тіркелген тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіле отырып, толтырылады.

14-жол тіркелген жерін өзгерткен және Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін қайтып оралған кезде толтырылады.

Формулярдың 15-жолы Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдарды толтыру кезінде толтырылады. Тиісті жолдарда бұрын азаматы болған ел және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған күні Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес немесе ішкі істер органының қорытындысы көрсетіледі. Формулярдың 16-жолы азаматтың отбасы жағдайына сәйкес бір, екі, үш, төрт кодтарын қою арқылы толтырылады. 2 кодын қою кезінде жұбайының Т.А.Ә., некенің тіркелген күні және некені тіркеген орган, жұбайлардың некеге тұрғанға дейінгі, бұрынғы тегі жазылады.

Формулярдағы 17-жолының тиісті жолдарға 16 жасқа дейінгі балалардың Т.А.Ә. жазылады. Егер азаматтың 16 жасқа дейінгі балалары үштен көп болса, олар туралы мәлімет формулярға жапсырылатын "17-жолға қосымша" деген жазба енгізілген бөлек парақта жазылады.

Формулярдың 18, 19-жолдарында ата-анасының Т.А.Ә. және олардың туған күні жазылады. Азаматта ата-анасы туралы қандай да бір мәлімет болмаған жағдайда осы мәліметтерге тиісті жолдар толтырылмайды.

Ата-анасының бірі немесе екеуі туралы мәліметтер мүлде болмаған жағдайда тиісті жолда "МӘЛІМЕТТЕР ЖОҚ" деген жазба жазылады.

Формулярдың 20-жолында құжатты беретін қызметкер паспорттың, жеке куәліктің нөмірін және дайындалған күнін, иесінің құжаттарды алған күнін, оның қолын, қызметкердің тегі мен қолын көрсетеді.

Азамат ішкі істер органдарына қайтарылуға жатанын құжатты жоғалтқан жағдайда азаматтан қолымен жазылған түрде, құжатты жоғалту жағдайын көрсетумен өтініш алынады, оның тіркеу нөмірі формулярдың екінші бетіндегі бос орында көрсетіледі.

24. Жеке басын куәландыратын құжаттарды бергені үшін мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртектерде формулярдың нөмірлері жазылады. Құжаттарды дайындауға жіберілетін формуляр тізілімдемесінің бір данасы бар түбіртектер салық органы ревизия жүргізгенге дейін формулярдың толтырылған жері бойынша ішкі істер органдарында сақталуы тиіс. Ревизия жүргізілгеннен кейін бір жылдан соң түбіртектерді қатаң есептегі бланкілердің тексеріс актілерінде құжаттардың жалпы сомасын көрсете отырып, ішкі істер органының ішкі тексеру комиссиясы жояды.

25. Жеке басты куәландыратын құжаттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2121 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру" мемлекеттік қызметіне сәйкес құжаттар алуға формулярды толтырған күннен бастап бір ай ішінде беріледі.

Азаматтардың қалауы бойынша, жеке басты куәландыратын құжаттарды неғұрлым қысқа мерзімде алу үшін құжаттарды ақылы негізде жеделдетіп әзірлеу қолданылады. Жеделдетілген режимдегі мемлекеттік қызмет 1 санатты жеделдік бойынша - ресімдеген күннен бастап 7 жұмыс күні, 2 санатты жеделдік бойынша - 10 жұмыс күні, 3 санатты жеделдік бойынша - 15 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

26. Формулярларды аудандық (қалалық) көші-қон полиция бөлімдері толтырғаннан кейін бұрын азаматтарға жеке басты куәландыратын құжаттар берілген формулярының бар-жоғына, сондай-ақ қызметтік белгілерге Қазақстан Республикасының құжаттандырылатын халқының орталықтандырылған ақпараттық деректер базасы немесе картотека бойынша тексеру жүргізеді. Бұл ретте формулярда көрсетілген барлық деректер мен фотосуреттің ұқсастығын салыстырады.

Бір және екі санатты жеделдік бойынша толтырылған формулярлар үшін тексеру мерзімі бір жұмыс күнін (формулярды толтырған күн саналмайды) үшінші санатты жеделдік-екі жұмыс күнін, қарапайым тәртіппен толтырылған формулярлар үшін толтырылған күннен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

Тексерісті жүзеге асырғаннан кейін аудандық (қалалық) көші-қон полициясы бөліністері 20-қосымшаға нысан бойынша аудандық (қалалық) ішкі істер органдарында ресімделген формулярларды жөнелтуге арналған тізілімдеме (бұдан әрі - тізілімдеме) толтырады, оған формулярлардың нөмірлері, азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, толтыру күні, енгізілетін формулярлардың саны көрсетіледі. Бұл ретте тізілімдемелер толтыру себебінің кодтары бойынша ресімделген формулярларға бөлек құрастырылады:

"01"

"00", "07", "10", "13", "14", "15", "16", "17"; "18";

"04", "05", "08";

"06";

"09";

"11";

"12";

"пысықтау";

"тергеу-қамауындағылар";

"сотталғандар".

Тізілімнің үш данасы формулярлармен бірге Ішкі істер департаментіне жолданады.

27. Толтыру негізділігіне және дұрыстығына формулярларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға байланысты ресімделген адамдарды және оңайлатылған тәртіпте Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдаған адамдар бойынша ішкі істер органының тізімдерімен және Жарлықпен салыстыра тексергеннен кейін ішкі істер департаменттері аудандық, қалалық бөліністерден алған тізілімдер мен формулярлардың негізінде ІІМ КҚПК формулярларды жөнелту үшін аудандық, қалалық көші-қон полициясы бөлінісінің атауын, аудандық, қалалық тізілімдердің шығыс нөмірлерін және толтырылған күнін, олардағы формулярлардың санын көрсете отырып, 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада жиынтық тізілімін (бұдан әрі – жиынтық тізілім) толтырады.

Бірінші және екінші санатты жеделдік бойынша толтырылған формулярлар үшін ішкі істер департаменттерінде тексеру мерзімі келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күнін, үшінші санатты жеделдік – екі жұмыс күнін, қарапайым тәртіппен толтырылған формулярлар үшін, толтырылған күннен бастап бес жұмыс күніне дейін құрайды.

Жиынтық тізілімдеріне Ішкі істер департаменті халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімінің бастығы қол қояды және аудандық (қалалық) бөліністер тізілімдерінің екінші данасын қоса отырып, ІІМ КҚПК-ға жіберіледі, жиынтық тізілімнің бір данасы мен аудандық (қалалық) бөлініс тізілімінің бір данасы Ішкі істер департаментінің жеке номенклатуралық ісінде қалады.

Ішкі істер департаменттерін тексерген кезде пысықтауға жататын анықталған формулярлар алу себебін міндетті көрсете отырып, аудандық, қалалық бөліністер тізілімдерінен алынады және жиынтық тізілімдерді құрастырған кезде есепке алынбайды.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2012 № 618 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) .

28. ІІМ КҚПК деректер базасындағы адам туралы мәліметтердің сәйкес келмеуіне байланысты «АӨО» РМК-дан формулярларды қайтару кезінде негізсіз құжаттандыру фактілерін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

Аудандық, қалалық бөліністердің тізілімдері мен Ішкі істер департаменті бөлімінің тізілімдері бар формулярлар құжаттар дайындау үшін ІІМ КҚПК-ден «АӨО» РМК-ның өндірісіне жолданады, содан кейін оларды одан әрі ішкі істер департаменттеріне жіберу үшін формулярлармен және дайын құжаттармен бірге қайтарылады.

«Іздестіру» белгісі бар дайын құжаттар «АӨО» РМК-дан келіп түскен кезде оларды жеке тізіліммен іздестірудегі ресімделіп жатқан орны бойынша Ішкі істер департаментінің Көші-қон полициясы басқармасына жібереді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2012 № 618 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

29. Жеке куәліктер мен паспорттарды "АӨО" РМК-да дайындау мерзімі формулярдың өндіріске келіп түскен күнінен бастап бірінші санатты жеделдік бойынша толтырылған формулярлар үшін - бір жұмыс күнін, екінші санатты жеделдік бойынша толтырылған формулярлар үшін - үш жұмыс күніне дейін, үшінші санатты жеделдік - бес жұмыс күнін, жалпы тәртіппен толтырылған формулярлар үшін - формуляр өндіріске келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күніне дейін құрайды.

30. Жіберілген қателері үшін ІІМ КҚПК және ішкі істер департаменттері аумақтық ішкі істер органдарына пысықтауға қайтарған формулярлар аудандық, қалалық көші-қон полициясы бөліністеріне келіп түскен күннен бастап кемінде он күн мерзімде пысықталады, содан кейін олар құжаттарды дайындауға жеке тізілімдермен қайта жіберіледі. Бұл ретте ілеспе хатта пысықтауға қайтарылған осы формулярлар тізілімдерінің бұрынғы шығыс нөмірлері міндетті түрде көрсетіледі (әрбір формуляр бойынша шығыс нөмірі жеке көрсетілу қажет). Ішкі істер департаменттері мен ІІМ КҚПК-дан пысықтауға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пысықтауға қайтарылған формулярларды тіркеу журналында есепке алынады.

Формуляр бойынша құжаттар жазбадағы дәлсіздік бойынша түзетілгеннен кейін "АӨО" РМК-да: құжаттарды жедел әзірлеуге ресімделгендер - бір жұмыс күнде, жалпы тәртіпте ресімделгені - өндіріске түскен күннен бастап екі жұмыс күнге дейін дайындалуға жатады.

31. Дайындалған жеке куәліктер мен паспорттарды Ішкі істер департаментіне жіберу кезінде ІІМ КҚПК 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада дайын болған құжаттарды, формулярларды ішкі істер департаменттеріне жолдау үшін тізілім (бұдан әрі - дайын құжаттарды жөнелтуге арналған тізілімі) құрастырады. Бір данасы ІІМ КҚДК-де қалады, ал тізілімнің екінші данасы тізілімге енгізілген құжаттарды дайындау және формулярларды жөнелтуге "АӨО" РМК ілеспе хатымен Ішкі істер департаментіне жіберіледі.

32. Ішкі істер департаменттеріне келіп түскен дайындалған құжаттардың және формулярлардың тізілімі ішкі істер органдары бойынша жалпы тәртіппен тіркеледі, аудандық, қалалық бөліністерге бөлінеді және облыстардың, Астана,

Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінен дайындалған құжаттарды қалалық (аудандық) ішкі істер органдарына жөнелтуге арналған тізілім бойынша оларға жолданады.

33. Пысықтау бойынша құжаттарды дайындауға арналған формулярларды жөнелту тізілімі, дайындалған құжаттарды жөнелтуге арналған тізілім формулярлар мен дайын құжаттарды жөнелтуге "АӨО" РМК-нің ілеспе хатымен бірге ішкі істер департаменттерінің аудандық, қалалық бөліністерінде, ішкі істер департаменттерінде, ПМ КҚПК-да жеке номенклатуралық істе сақталады.

34. Берілген жеке куәліктер, паспорттарға арналған формулярлар ішкі істер органдарында арнайы картотекаларда сақталады. Бұл ретте бір азаматтың анық деректеріне түрлі себептер бойынша ресімделген формулярлар бекітіледі және бірге сақталады. Азаматтың тегін ауыстыруы бойынша ресімделген формуляр картотекада әліпбиге сәйкес басқалардан бөлек қойылады, бұл ретте соңғы формулярда анықтамалық деректерін өзгерткені туралы белгі қойылады, формулярдың нөмірі мен азаматтың жаңа анықтамалық деректері көрсетіледі.

Картотека оларды толтыру және азаматтардың тіркелу жері бойынша ішкі істер органдарының өрт-күзет сигнализациямен жабдықталған, терезелері торланған, темір есікпен қапталған жеке оқшауланған үй-жайларда орналасуы қажет.

Дайындалған құжаттарға арналған формулярларды жоғалтпас үшін картотекамен жұмыс істеу үшін оның сақталуына жауап беретін функциялық міндеттер жүктелетін қызметкерлер бөлінеді. Функционалдық міндеттеріне осы жұмыстар жатпайтын қызметкерлердің картотекаға кіруіне үзілді-кесілді тыйым салынады.

Формулярды картотекаға орналастыру құжаттарды иелеріне негізді беру фактісі ішкі комиссия тексергеннен кейін және 2-н журналмен салыстыра тексерілгеннен кейін жүргізіледі.

Формулярларды картотекаға орналастыру қатаң түрде әліпби ретімен жүргізіледі. Тегі бірдей әріптен басталатын адамдардың 1-н арызы теріліп алынады және тегінің екінші әрпі бойынша, одан кейін үшінші т.с.с. әліпби ретімен орналастырылады.

Мысалы: Абдыхалықов, Авдеев, Ағыбергенов;

Базаров, Байытов, Бактұрсынов және т.б.

Тегі бірдей адамдардың формулярларды картотекаға аты мен әкесінің аты бойынша әліпби ретін сақтай отырып орналастырылады.

Мысалы: Азаров Алексей Антонович, Азаров Алексей Артемович, Азаров Алексей Васильевич және т.б.

Формулярда тегі, аты, әкесінің аты бірдей болған жағдайда туған жылы бойынша өсу ретімен, одан кейін туған жерінің қала, аудан, елді мекендері бойынша әліпби ретімен орналастырылады.

Мысалы: Баринов Аркадий Исаевич, 1963 ж.т., туған жері Алматы, Баринов Аркадий Исаевич, 1963 ж. туған жері Балқаш, Баринов Аркадий Исаевич, 1966 ж.т.

Сол сияқты мемлекеттік тілде толтырылған формулярлар мынадай тәртіппен әліпби бойынша орналастырылады:

Ә әрпі А әрпіне орналастырылады, бұдан әрі сәйкесінше:

Ғ-Г; І-И; Қ-К; Ң-Н; Ө-О; Ү, Ұ-У; Һ-Х.

ІІМ КҚПК деректер базасындағы фотосуреттерді қалпына келтіру үшін, сондай-ақ ішкі істер департаменттерінің заңсыз құжаттандыру фактісі бойынша қызметтік тексеріс жүргізу үшін сұрататын сауалдарды қоспағанда, формулярларды анықтама алу, көшірмесін түсіру, қызметтік белгілер қою үшін картотекадан 1 жұмыс күннен артық мерзімге алуға жол берілмейді. Уақытша алынған формуляр жұмыс күнінің соңында картотекаға қайтарылуы тиіс. Формулярды картотекадан уақытша алған кезде алынған формулярдың орнына формулярдың алу себебі және күні, формуляр уақытша қолында болатын адамның тегі мен лауазымы жазылған қызметкердің қолымен куәландырылған формулярдың көшірмесі салынады. Формулярды басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне және өзге де адамдарға беруге тыйым салынады.

Негізінде деректер базасы қалыптастырылатын формулярлардың көшірмелерін сұрау салу бастамашысына «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес беріледі (жіберіледі). Азаматтарға формулярдың көшірмесі берілмейді.

Мемлекеттік органдардан паспорт пен жеке басын куәландыратын құжаттар заңсыз берілгені, Қазақстан Республикасының азаматтығынан заңсыз

шыққаны, республикадан тыс жерге заңсыз тұрақты тұруға шыққаны не болмаса оның иелері қайтыс болғаны туралы хабарламалар келіп түскен кезде картотеканың сақталуына жауап беру функционалдық міндеттеріне кіретін халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер тиісті белгілер енгізу үшін формулярлардың картотекалары бойынша тексеріс жүргізеді.

Картотекаға енгізу үшін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КҚПК-дан деректер базасынан Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК-нің паспорттық елтаңбалы мөрімен расталған фотосуреті бар ақпаратқа сұрау салынады.

Картотекада формулярдың түпнұсқасы болмаған жағдайда формуляр түпнұсқасының жоғалуы туралы акт жасалады.

Картотекаға енгізу үшін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КҚПК-дан деректер базасынан Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК-ның паспорттық елтаңбалық мөрімен расталған фотосуреті бар ақпарат сұратылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2012 № 618 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

35. Қазақ халқының қалыптасқан дәстүрлеріне сәйкес ұлты қазақ адамдардың тегін және әкесінің атын жазу «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ұлты қазақ адамдар тегін және әкесінің атын жазуды өзгерту туралы өтінішпен ішкі істер органдарына жүгінген кезде азаматтар қалаған тегін, әкесінің атын мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсете отырып, ауыстыруға жататын құжаттар туралы мәліметтермен бірге ерікті нысанда жазылған өтініш береді.

Өтінішке мынадай құжаттардың бірі:

туу туралы куәлік (жеке басты куәландыратын құжатты алғаш алатын кезде);

ауыстыруға жататын жеке куәлік, паспорт;

6-нысандағы куәлік қоса беріледі.

Қазақ халқының дәстүріне сәйкес тегінің, әкесінің атының жазылуын өзгертуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарына формулярлар толтыруға мынадай талаптар қойылады.

Формулярдың 1-жолында паспорт, жеке куәлік беру себебі – «04» коды (тегінің, әкесінің атының жазылуын өзгерту) көрсетіледі.

Өтініш берушінің қалауы бойынша 2-жолда мемлекеттік және орыс тілдерінде тегі, 3 жолда – аты, ал 4 жолда - әкесінің аты жазылады. Тегінің жазылуында қазақ тіліне тән емес қосымшалар алынып тасталып, түбір негіздері сақталады, әкесінің атын жазған кезде қазақ тіліне тән емес қосымшалардың орнына әкесінің есіміне адамның жынысына қарай «улы, ұлы; қызы, қызы» қосымшалары қосып жазылады. Мысалы, Наурызбаев Булат Керимович Наурызбаев Болат Керимулы немесе Наурызбай Болат Керімұлы болып, Кадырова Рысты Мадиевна Кадыр Рысты Мадикызы немесе Қадыр Рысты Мәдикызы болып жазылады.

Сонымен қатар Т.А.Ә. кездесетін қазақ тіліне тән емес әріп тіркестері алынып тасталады, мысалы, Джандосов Джумабай Джандосович Жандос Жұмабай Жандосулы (ұлы) болып, Чоканов Рыскали Джумабаевич Шоқан Ырыскали Жұмабайұлы (ұлы) болып жазылады.

Енгізілген өзгерістердің астынан 2, 3, 4-жолдардан азаматтың Т.А.Ә. бұрынғы жазылуы көрсетіледі.

Бұл ретте қазақ халқының қалыптасқан салтына сәйкес тегі мен әкесінің аты өзгертілген ұлты қазақ адам өтініш білдірген кезде, паспорт пен жеке куәлікті олар ұсынған туу туралы куәліктерге сәйкес олардың тегі мен әкесінің атын бұрынғыша жазып ресімдеуге болады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2012 № 618 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

36. ҚСЖАЕК аумақтық басқармасына әр айдың 15 және 30-да азаматтың Т.А.Ә. өзгергені туралы мәліметтер жолданады.

37. Азамат ұсынған құжаттар бойынша (шақыру-анықтама, неке туралы куәлік, ғылыми еңбектер, монограммалар) паспорттарды ресімдеген кезде өтініш берушінің тегі мен аты қажетті ағылшын тілінде жазылуы мүмкін. Азамат

жоғарыда аталған құжаттарға сәйкес ішкі істер органына тегі мен атын ағылшын тілінде жазылуын көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша өтініш береді.

Аумақтық ішкі істер органы басшысының рұқсаты бар өтініш - "транскрипция" формулярдың сыртқы бетіне жапсырылады және құжаттарды дайындау үшін ІІМ КҚПК-ге жіберіледі.

Бұл ретте қалауы бойынша транскрипцияда көрсетілген азаматтың тегі және аты формулярдағы 2, 3-жолдарда көрсетіледі. Азаматтың өтінішінің тіркеу нөмірі мен мерзімі формулярдың сыртқы бетінде көрсетіледі және паспортты елтаңбалық мөрмен куәландырады.

3. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға және жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ, өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу тандап алынған айыпталушыларға құжаттар беру

38. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген және қандай да бір себептер бойынша Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ Қазақстан Республикасының азаматтары мен тергеу қамауындағыларды ішкі істер органдары жалпы тәртіппен түзеу мекемелерінің немесе алдын ала оқшаулау органдарының орналасқан жері бойынша құжаттандырады.

Егер жеке куәлік 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын көрсеткен немесе жоғалтқаны бойынша оны қалпына келтірген, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттар беру туралы алғаш рет өтініш білдірген және туу туралы куәлік ұсынған 18 жастан асқан адамдарға алғаш рет ресімделіп жатса, олардың азаматтығын, жеке басын анықтау, құжаттың берілгенін және фотосуреттің сәйкестігін растау үшін тексеру материалдарын қалыптастыруды қылмыстық қудалау органдары немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі жүзеге асырады.

Формулярда «тұрғылықты жері» деген жолда сотталған жазасын өтеп жатқан мекеме көрсетіледі.

Дайындалған жеке куәліктер сотталғандардың жеке істерінде сақталады.

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде жеке куәлік беріледі.

Электронды ақпарат ұстағышы жоқ жеке куәлік азаматтың тұрғылықты жері бойынша ауыстырылуға жатады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан мерзімінен бұрын шартты түрде не болмаса мерзімін өтегеннен кейін босаған, оған қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген сотталғанды тұрғылықты жері бойынша тіркеген кезде профилактикалық есепке қойылғаны туралы қоғамдық қауіпсіздік бөлінісінің белгісі бар босатылу туралы анықтама талап етіледі. Босатылғаны туралы анықтаманы жоғалтқан жағдайда, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адам профилактикалық есепке қойылғаны туралы қоғамдық қауіпсіздік бөлінісінің анықтамасын ұсынады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2012 № 618 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

39. Тергеу қамауындағы, сондай-ақ жазасын өтеп жүрген адамдар жеке басын куәландыратын құжаттарын жоғалтқан кезде қылмыстық қудалау органдары мен қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі аумақтық ішкі істер органы басшысының атына жоғалту себебі көрсетілген жазбаша өтініш қабылдайды.

Халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері жеке басын куәландыратын құжаттарды жоғалтқаны туралы тексеріс картотека, немесе Қазақстан Республикасының құжаттандырылатын халқының орталықтандырылған ақпараттық деректер базасы арқылы екі күн мерзім ішінде жүргізіледі.

Егер деректер базасы арқылы жеке басын куәландыратын құжаттарын жоғалтқан туралы және жеке басын анықтайтын тексеріс жүргізу мүмкін емес екені анықталса, қылмыстық қудалау органдары мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі бұрын жоғалған құжат ресімделген ішкі істер органынан лауазымды адамның қолымен және елтаңбалы мөрмен куәландырылған формулярдың көшірмесін сұратады.

Қылмыстық қудалау органдары және қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің тергеу-қамауындағы, сондай-ақ, жазасын өтеп жүрген адамдарды құжаттандыру туралы қолдау хатымен көрсетілген құжаттар мемлекеттік бажды

төлеу туралы түбіртек және екі фотосуретімен бірге құжатты дайындау үшін тиісті азаматтарды құжаттандыру және тіркеу бөлінісіне оны қалпына келтіру үшін жіберіледі.

Жоғарыда көрсетілген санаттағы адамдарға жеке басын куәландыратын құжатты беруге формулярды олардың тікелей тұратын жері бойынша халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер толтырады.

Бұл ретте "Тұрғылықты жері" деген жолда осы адамдар ұсталатын алдын алу изоляторы органының орналасқан жері (облыс, қала, аудан, елді мекен, тергеу изоляторлары, уақытша ұстау изоляторы) көрсетіледі.

Формуляр жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындауға оны толтырған күннің ертеніне жолданады. "АӨО" РМК-да тергеу-қамауындағыларға құжаттар дайындау мерзімі өндіріске келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күніне дейін жасалады.

Құжаттар дайын болғаннан кейін формуляр оларды ресімдеген ішкі істер органдарының картотекасына тіркеледі.

Тергеу қамауындағы адамдар қамаудан босатылған немесе оған қатысты қылмыстық қудалау аяқталған жағдайда құжат иесіне қайтарылады.

4. Жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қою, сақтау, жою

40. Уәкілетті ішкі істер органдары жеке басты куәландыратын құжаттарды егер:

жеке басты сәйкестендіру мүмкін болмағанда;

оған заңсыз өзгерістер енгізілгенде немесе жеке басын сәйкестендіруге байланысты өзгерістер енгізу қажет болғанда;

онда "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу қағидаларында көзделген арнайы жазулар болмаған немесе мұндай жазулар сәйкес келмегенде;

жарамдылық мерзімі өткенде;

оларды жарамсыз деп тану туралы енгізілген қорытындыға сәйкес болғанда;

иесінің құқықтық мәртебесіне сәйкес келмеген жағдайларда алынып қойылады.

41. Жарамсыз жеке куәліктер мен паспорттар алынып қойылады және осы Нұсқаулықтың 48-тармағында белгіленген тәртіпте жойылады.

42. Азаматта бірнеше біртекті құжаттар болғанда жарамдысынан басқасының бәрі алынып қойылады.

43. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығатын Қазақстан Республикасының азаматтары жеке куәліктерін тіркеуден шығарған кезде ішкі істер органдарына тапсырады.

44. 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АХАЖ органдары жолдаған құжаттар тізіліміне АХАЖ органдарына тапсырылған қайтыс болған адамдардың жеке куәліктері, паспорттары енгізіледі және айына кемінде бір рет ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөліністеріне жіберіледі. Халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкерлер формулярға иелерінің қайтыс болған, оларды тіркеуден шығарған туралы белгі қояды және деректер базасына түзетулер енгізу үшін ІІМ КҚПК-ге ақпарат жібереді.

Тізімдемелерге сондай-ақ жеке куәліктері мен паспорттары тапсырылмаған қайтыс болған адамдар туралы мәліметтер де енгізіледі. Формулярда иелерінің қайтыс болғаны туралы және жеке куәліктер мен паспорттардың алынбағаны туралы белгі қойылады. Мұндай формулярлар картотекаға қосылады, ал мәліметтер ІІМ КҚПК-ге жіберіледі. Егер жеке куәліктерді, паспорттарды басқа ішкі істер органдары берген болса, онда сол жерге жеке куәліктердің, паспорттардың иелерінің қайтыс болғаны туралы, сондай-ақ олардың алынбағаны туралы мәлімет жіберіледі.

45. Шетелге тұрақты тұруға шыққан азаматтардың жеке куәліктері, тегі, аты, әкесінің атының өзгеруіне байланысты ауыстырылған және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан басқа да себептер бойынша немесе ішкі істер органдарының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандар, орнына жаңа құжат берілген, табылған, қайтыс болған, сондай-ақ дайындалғаннан күнінен бастап бір жылғы дейін талап

етілмеген азаматтардың паспорттары, куәліктері өтеледі және жарамсыз деп танылады, сонан соң осы Нұсқаулықтың 48-тармағымен белгіленген тәртіпте жойылады.

46. "АӨО" РМК азаматтарға жаңа құжаттарды дайындау кезінде автоматты түрде бұрын алынған барлық құжаттарды жарамсыз деп тану туралы мәліметтер деректер базасына енгізіледі. Паспорттың және жеке басын куәландыратын құжаттың иесінің қайтыс болғаны туралы мәліметтер "АӨО" РМК бірыңғай ақпараттық жүйесіне АХАЖ бірыңғай ақпараттық жүйесінен автоматты түрде енгізеді.

47. Жарамсыз құжаттарды жою туралы актілер ай сайын ІІМ КҚПК-ге жолданады. "АӨО" РМК-ы жарамсыз құжаттарды жою актілері түскен күннен бастап 10 күн мерзімге дейін деректер базасына түзетулер енгізеді.

48. Жойылуға тиіс жеке куәліктер мен паспорттар ішкі істер органдарында сақталады.

Электронды ақпарат тасымалдағышы жоқ жеке басты куәландыратын құжаттарды жоюды аумақтық ішкі істер органының ішкі тексеру комиссиясы айына кемінде бір рет жүргізеді. Бұл ретте 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын жарамсыз құжаттарды жою тізіліміне сәйкес жою себебі және иесі туралы мәлімет, құжат түрі көрсетіліп, жойылатын құжаттардан кесіп алынған жою туралы акт толтырылады.

Орталықтанған тәртіпте жою үшін жарамсыз құжаттарды жою себебі және нөмірі, азаматтың анықтамалық деректері көрсетілген ілеспе тізіліммен электрондық ақпарат тасымалдағышы бар жарамсыз жеке куәліктер мен паспорттар айына кемінде бір рет ІІМ КҚПК-ге жолданады.

Құжаттарды жою туралы актілер бөлек номенклатуралық істе құралады.

Жарамсыз құжаттарды жоюды ішкі істер органының ішкі тексеру комиссиясы "АӨО" РМК-да жойылатын құжатты одан әрі пайдаланудың мүмкін болмауын қамтамасыз ететін арнайы құралдарда өртеу жолымен жүргізеді.

Егер паспорт пен жеке басын куәландыратын құжат заңсыз, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан, республикадан тыс жерге тұрақты тұруға шығып кеткен жағдайда немесе оның иелері қайтыс болғанда берілсе,

формулярларда актінің нөмірі және күні, аталған құжаттардың жою себептерінің бірі көрсетіледі.

Егер құжаттарды басқа ішкі істер органы берген болса, онда ішкі істер органына заңсыз берілген, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан, республикадан тыс жерге тұрақты тұруға шығып кеткен жағдайда немесе оның иелері қайтыс болғанда, жойылатын құжаттар туралы мәліметтер 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламалар жіберіледі, олардың негізінде формулярларда құжаттарды жою актісінің нөмірі, қашан және кім жойғаны, сондай-ақ оларды жою себептері көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасының азаматтарына шекара аймағы тұрғынының куәліктерін беру

49. Шекара аймақтарында тұрақты тұратын азаматтарға ішкі істер органдары көрсетілген адамдарды тіркеу орындары бойынша жеке басын куәландыратын құжаттармен бірге 28-қосымшаға сәйкес жарамдылығы бес жылға дейін, бірақ жеке куәлігінің жарамдылығы мерзімінен аспайтын мерзімге шекара аймағы тұрғынының куәлігін береді. Шекара аймағы тұрғынының куәлігінің жарамдылық мерзімі осындай мерзімге дейін ұзартылады. Ұзарту аумақтық ішкі істер органының халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерінің қолымен және паспорттық елтаңбалық мөрмен расталады.

50. Әрбір шекаралық облыстарда мынадай арнайы сериясы бар куәліктер бекітілген:

Алматы облысы - "АЛ";

Шығыс Қазақстан облысы - "ШҚ".

Шекара аймағы тұрғыны куәліктерінің берілуі 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу журналында тіркеледі. Әрбір ресімделген куәлікке осы Нұсқаулықта көрсетілген Қазақстан Республикасының қалалары мен аудандарының стандарттық кодтарына сәйкес аудандардың (қалалардың) үш санды кодынан тұратын нөмір және таяқша арқылы - тіркеу журналы бойынша реттік нөмірі беріледі, мысалы:

ШҚ № 246/00012 (мұнда - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы, № 12 куәлік дегенді білдіреді).

Шекара аймағы тұрғынының куәлігін алу үшін азаматтар мыналарды:

Т.А.Ә., әкесінің атын, тіркелген орнын көрсете отырып, тиісті ішкі істер органы басшысының атына еркін нысандағы арызды;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін (он алты жасқа дейінгі балалар - туу туралы куәлікті);

3,5 x 4,5 см көлеміндегі 1 фотосуретті ұсынады.

Шекара аймағы тұрғынының куәлігінде ұсынылған құжаттардың негізінде азаматтың Т.А.Ә., туған күні туралы мәліметтер жазылады. Фотосуреті ішкі істер органының паспорттық елтаңбалық мөрімен расталады, тұратын жері бойынша тіркелген мекенжайы толық көрсетіледі. "Берген орган" деген бағанда ішкі істер органының атауы көрсетіледі.

Азамат жеке куәлігін ауыстырған немесе шекара аймағы шегінде тіркеу орнын ауыстырған кезде шекара аймағы тұрғынының куәлігі тиісінше ауыстырылуы тиіс.

Шекара аймағынан тыс кетуіне байланысты тіркелген жерін ауыстырған кезде шекара аймағы тұрғынының куәлігі тапсырылады. Шекара аймағы тұрғынының куәлігін беру жөніндегі материалдар жеке номенклатуралық істе қалыптасады.

6. "Халықты құжаттандыру және тіркеу" Тіркеу орны" ақпараттық жүйе арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке басын куәландыратын құжаттар дайындау үшін формулярларды толтыру ерекшелігі

51. "Халықты құжаттандыру және тіркеу" Тіркеу орны" (бұдан әрі - ХҚТ ТО" ақпараттық жүйе арқылы толтырылған Электрондық формуляр Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды дайындауға арналған электрондық формуляр нөмір мен штрих-коды бар қатаң есептегі құжат болып табылады. Электрондық формулярдың нөмірін автоматтандырылған режимде бірыңғай ақпараттық жүйемен қалыптастырады.

52. Электрондық формулярдың негізділігі мен дұрыс толтырылуы халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерінің электрондық-цифрлік қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) расталады.

ЭЦҚ электрондық цифрлік қолдың құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлік нышандар жиыны болып табылады және электрондық өтінімді орталық торапқа құжаттандыруға және тіркеуге (тіркеу есебінен шығаруға) жіберу кезеңінде қолданылады.

ЭЦҚ тұлғаның өз қолымен қойылған қолына теңестірілген және электрондық формулярға қол қою үшін бірдей заңды жауапкершілікті жүктейді.

ЭЦҚ оған заңды негізде ие болған адамдардың меншігі болып табылады және басқа адамдарға оны қолдану үшін берілмейді.

53. ЭЦҚ алу үшін Ішкі істер департаменттері уәкілетті қызметкерлерді тағайындайды, олар өтінім беру, аумақтық бөліністердің халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлерінің сәйкестендіру процесін өткізу және тіркеу куәліктерін алу үшін жауаптылықта болады.

54. ЭЦҚ-ның жарамдылық мерзімі тіркеу куәлігі шығарылған сәттен бастап бір жылды құрайды. ЭЦҚ қайтадан алу үшін мерзімі өткенгенге дейін он күн бұрын жаңа өтінім беру қажет. ХҚТ ТО-да жұмысты жүзеге асыратын уәкілетті қызметкерлері ауысқан кезде, ЭЦҚ алынатын тасымалдағышпен бірге Ішкі істер департаментіне тапсырылады. Ішкі істер департаментінің уәкілетті қызметкері тіркеу куәлігін шақыртып алуға өтінім береді.

55. Электрондық формулярды толтыру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары тұрақты тіркелген мекенжайын растайтын азаматтарды тіркеу кітабын, жеке басын куәландыратын құжат үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртектері және жеке басын куәландыратын құжаттарды толтыру себебіне байланысты төменде санамаланған мынадай құжаттардың бірін:

туу туралы куәлікті;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін;

Қазақстан Республикасы азаматының паспортын;

Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдағаны туралы 6-нысандағы анықтаманы;

ХҚТ ТО-да азаматты фотоға түсірудің халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес және төлемсіз жүргізіледі. Азаматтың қалауы бойынша оларға 3,5 x 4,5 см фотосуреті ұсынылады.

56. Уәкілетті қызметкерлер ХҚТ ТО-ның ақпараттық жүйесінде деректер базасында сақталатын тіркелген атпен жұмыс істейді және өзінің ХҚТ ТО жүйесіндегі өзінің әрекеттеріне дербес жауапкершілікте болады.

57. Азаматтар ұсынған жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) бар жеке куәлік, паспорт немесе ЖСН беріліп тіркелген туу туралы куәлік бойынша деректер базасында жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі. Бұл ретте халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері деректер базасындағы азаматтардың деректері олар ұсынған құжаттармен салыстыра тексеруді жүргізеді. Деректер базасында азаматтар туралы мәліметтердің дұрыс емес екені анықталған жағдайда, электрондық формулярға азамат куәландырған деректер енгізіледі. Бұл ретте жүргізілген өзгерістер халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерінің "қосымша ақпарат" жолындағы жазбасымен расталады.

58. Құжаттандыру туралы шешім қабылдағаннан кейін ХҚТ ТО-ға өтінім тіркеледі. Өтінімде:

- тапсырыс берген құжаттың түрі;
- құжатты алу себебі;
- құжатты толтыру тілі;
- паспортта азаматтың ұлтын жазу туралы белгі;
- электрондық формуляр толтыру үшін негіз болып табылатын құжат;
- шұғылдық санаты көрсетіледі.

59. Өтінім тіркелгеннен кейін халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері өтінімді тіркеу талонын, ол электронды формулярды толтыру, сондай-ақ суретке түсіру, қол қою, дайын құжаттарды алу үшін азаматтарға берілетін өтінімді тіркеу талонын басып шығарады.

60. Азаматтың фотобейнесі суретке түсіру арқылы, азаматтың қол қоюы сканерлеу арқылы электронды формулярға енгізіледі. Азаматтың қалауы бойынша ол ұсынған фотосурет пен қағаз тасымалдағышынан алынған қол сканерлеу арқылы енгізіледі.

61. ХҚТ ТО-да электронды формулярларды толтыру мына кодтар бойынша жүргізіледі:

- "00" 16 жасқа дейінгі балаларға паспорт беру;

"01" 16 жасқа толу;

"04" тегін, атын, әкесінің атын өзгерту;

"05" туған күнін өзгерту;

"06" жазбаның дұрыс еместігі;

"07" құжатты одан әрі қолдануға жарамсыздығы;

"08" азаматтың өзінің ұлтын өзгерту;

"09" азаматтың жеке куәлігі мен паспортының жоғалуы;

"10" заңды мекенжайын ауыстыру;

"12" Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау

"13" азаматтың паспортты жоғалтуы;

"14" қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлінуіне байланысты
елдімекендер атауының өзгеруі;

"15" Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін қайта оралуына
байланысты жеке куәлік алуы;

"16" иесінің қалауы бойынша жаңа технологияға сәйкес құжат
түрлерінің өзгеруіне байланысты;

"17" қолда бар жеке куәліктің немесе паспорттың негізінде алғаш рет
жеке басын куәландыратын құжаттар алу;

"18" құжаттың жарамдылық мерзімінің аяқталуы (паспорт, жеке куәлік).

62. Электрондық формулярды толтыру кезінде құжатты алу себептерінің
бір немесе бірнеше коды (жеті кодқа дейін) көрсетіледі, бұл ретте электрондық
формулярларды толтыру кодына сәйкес осы Нұсқаулықтың 18 тармағын
басшылыққа алу қажет.

63. Электронды формулярларды кодтар бойынша толтыру кезінде:

«00», «01» - ЖСН бар туу туралы көрсетілген куәлік бойынша немесе
ЖСН беріліп тіркелген туу туралы куәлік бойынша деректер базасындағы ЖСН
бойынша сәйкестендіру жүргізіледі. Туу туралы куәлігінде ЖСН болмаған
жағдайда адамды сәйкестендіру жүргізілмейді, ал мәліметтерді электронды
формулярға халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері туу
туралы куәлікке сәйкес енгізеді.

Егер азамат 16 жасқа дейін паспорт алған жағдайда, онда ол 16 жасқа толған соң, электрондық формулярды толтыру кезінде паспорттың деректері де көрсетіледі, ал «қосымша негіздеме» жолына туу туралы куәліктің деректері енгізіледі.

Туу туралы куәліктің негізінде толтырылған электрондық формулярға ата-анасының біреуінің жеке куәлігінің нөмірі, берілген күні және оны берген орган туралы мәліметтер «қосымша негіздеме» жолына енгізіледі.

«04» - неке қию, бұзу, анықтау деректерін ауыстыру туралы, туу туралы куәлікті қайтадан алуы туралы куәліктің нөмірі, күні және оны берген органның атауы көрсетіледі. Анықтау деректерін өзгерту туралы ішкі істер органы қорытындысының нөмірі мен күнін халықты құжаттандыру және тіркеу органының уәкілетті қызметкері электрондық формулярдың «қосымша негіздеме» жолына енгізеді;

«05» - анықтау деректерін ауыстыру, туу туралы куәлікті қайтадан алу туралы куәліктің нөмірі, күні және берген органның атауы, туған күнін ауыстыру туралы ішкі істер органы қорытындысының нөмірі мен күнін халықты құжаттандыру және тіркеу органының уәкілетті қызметкері «қосымша негіздеме» жолына енгізеді;

«06» - анықтау деректерінде, туған жеріндегі мәліметтерде қайшылықтар анықталған жағдайда, тексеріс аяқталғаннан кейін «қосымша негіздеме» жолында электронды формулярға өзгерістер енгізілгенін растайтын құжаттардың деректері енгізіледі.

Деректер базасындағы азаматтың фотосуретінің жеке басын куәландыратын құжаттағы фотобейнесімен сәйкес келмейтіні анықталған кезде халықты құжаттандыру және тіркеу органының уәкілетті қызметкері құжаттандырылушының жеке басы және құжаттардағы сәйкес келмеу себептері міндетті түрде тексеріледі. Тексеріс нәтижелері бойынша мүмкіндігіне қарай танылушы адаммен сыртқы түрі ұқсас, кемінде үш басқа адамның фотокарточкаларымен бірге бір уақытта ұсынылған оның фотокарточкасы бойынша жақын туыстарының не азаматты кемінде 10 жыл білетін адамдарды (екі және одан көп адамды) тарта отырып, 12-қосымшадағы нысан бойынша азаматтың жеке басын тану хаттамасы жасалады, содан кейін екі жұмыс күні ішінде қорытынды шығарылады және формулярмен және жою туралы актімен

бірге Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КҚПК-ға жіберіледі. Қорытындыны тіркеу қорытындыларды тіркеу журналында жүргізіледі. «Қосымша негіздеме» жолында жеке басын анықтау жөніндегі қорытындының нөмірі мен күні көрсетіледі, ал «қосымша ақпарат» жолында фотосуреттердің сәйкес келмеуі себептері көрсетіледі.

Азаматтың фотосуреттерінің сәйкестігі расталған жағдайда «қосымша ақпарат» жолында «№ жеке куәліктегі (паспорттағы) және № электрондық өтінімдегі азамат(ша) Т.А.Ә. фотосуреттерінің сәйкестігі Ішкі істер басқармасының (бөлімінің) (хаттама жасалған күні) жеке басын тану хаттамасымен расталады» деп көрсетіледі, ал «қосымша негіздеме» жолында жеке басын анықтау жөніндегі қорытындының нөмірі мен күні көрсетіледі;

«07» - коды құжат пайдалануға жарамсыз болған (бүлінуі, ескіруі, техникалық ақаулар, паспорттың барлық беттерінің пайдаланылуы, жеке басын куәландыратын құжатта ЖСК-ның болмауы) жағдайларда көрсетіледі. Бұл ретте электрондық формулярды ресімдеу негіздемесі ретінде жарамсыз құжаттың деректері жазылады, ал «қосымша ақпарат» жолында құжат жарамсыз болуының нақты себебі көрсетіледі.

Бүлінуіне, ескіруіне, жеке адамды сәйкестендіруі мүмкін болмауына байланысты пайдалануға жарамсыз құжат формулярды толтыру кезінде алынады, бұл ретте азаматтың қалауы бойынша уақытша жеке куәлік беріледі.

«08» - ұлтын өзгерту туралы қорытындының нөмірі мен күні электронды формулярдың "қосымша негіздеме" жолына енгізіледі;

«09» - азаматтың өтінішінің тіркеу нөмірі мен күні «қосымша негіздеме» жолына енгізіледі;

«10» - егер қала немесе облыс ішінде заңды мекенжайы ауыстырылған жағдайда азаматтың жеке куәлігіндегі «заңды мекенжай» бағанында оның тек тұратын қаласы немесе облысы көрсетілген жағдайда жеке куәлік ауыстырылмайды.

Егер жеке куәлікте тіркеудің жаңа мекенжайына сәйкес келмейтін толық заңды мекенжайы көрсетілсе (қала, аудан, көше, үй, пәтер), онда тіркеусіз ХҚТ ТП-ның ақпараттық жүйесі арқылы жеке куәлікті ауыстыру талап етіледі. Бұл

ретте аумақтық ішкі істер органының мекенжай картотекасына қосу үшін мекенжайға келу парағы мен статистикалық органға жолдау үшін келу парағына статистикалық талон толтырылады.

«12» - электронды формулярды толтыруға Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы анықтама негіз болады. Жарлық нөмірі немесе Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдағаны туралы ішкі істер органының қорытындысы «қосымша негіздеме» жолына көрсетіледі, ал "қосымша ақпарат" жолында азаматтың бұрынғы азаматтығы көрсетіледі.

«13» - «қосымша негіздеме» жолына азаматтың жоғалған паспортын қайта қалпына келтіру туралы арызының тіркеу нөмірі мен күні енгізіледі.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2012 № 618 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

64. Азаматтардың электрондық ақпарат тасымалдағышы бар жеке куәлікті ұсынған кезде жаңа тұрғылықты орны бойынша Қазақстан Республикасының паспортын алу үшін электрондық формулярды толтыруы микросхемаға (чип) мекенжай ақпаратын қайта жазу рәсімінен кейін жүргізіледі.

65. Азаматтың анықтамалық деректерін ағылшын тіліне транскрипциялау ХҚТ ТО-да автоматты түрде жүргізіледі. Қажеттілік болған жағдайда транскрипция осы нұсқаудың 37-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі және оны ХҚТ ТО-да халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері өзгертеді. Бұл ретте "қосымша ақпарат" жолында азаматтың өтінішінің тіркеу нөмірі және күні енгізіледі.

66. Электрондық формулярды толтырғаннан кейін азаматтарға енгізілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру және жеке қолын растау үшін ақпараттық парақ басылып шығарылады.

Ақпараттық парақ ішкі істер органдарының құжаттандыру және тіркеу бөліністерінде азаматтар дайын құжатты алғанға дейін сақталады және актіні толтырусыз жойылады.

67. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды бергені үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртекте өтінімді тіркеу талонының нөмірі жазылады.

68. Толтыру аяқталғаннан кейін электрондық формулярлар халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері тексеру жүргізу үшін жергілікті деректер базасында сақталады. Қателер анықталған жағдайда немесе өзге де айырмашылық болған жағдайда халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері түзету енгізеді және қайтадан ол қол қоятын ақпараттық парақты басып шығарады. Бірінші және екінші санаттағы жеделдік бойынша толтырылған электрондық формулярларды тексеру үшін мерзімі бір жұмыс күнін, үшінші санатты жеделдік үшін екі жұмыс күнін, жалпы тәртіппен толтырылған электронды формулярлар үшін оларды толтыру күнінен бастап 3 жұмыс күнін құрайды.

69. Электрондық формулярдың негізділігі мен толтыру дұрыстығы тексеруден кейін халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлерінің ЭЦҚ-мен расталады, содан кейін электронды формуляр ХҚТ ТО-ның орталық торабына жөнелтіледі.

70. ҚР ІІМ КҚПК формулярларды тексеруді ҚР ІІМ-нің "Іздестіру" іздестіруде жүрген адамдардың автоматтандырылған базасы бойынша жүзеге асырады, сондай-ақ деректер базасындағы адамның мәліметтері сәйкес болмауына байланысты "АӨО" РМК-дан негізсіз құжаттандыруға байланысты формулярларды қайтару фактілерін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

71. Деректер базасындағы электрондық формулярларындағы мәліметтердің сәйкес келмеуі анықталған, толтыру ережесі сақталмаған, графикалық ақпарат сапасыз жасалған жағдайда ІІМ КҚПК қайтару себебін көрсете отырып, ХҚТ ТО-ға қайта ресімдеу үшін оны орындамай қайтарады.

